


БАСҚАРУДЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК



*Орындаған: Саламатқызы А.
Тексерген: Тамабекова А. А.*

A 3D rendering of several stylized human figures in grey and blue. Some figures are standing in a line, while others are near large black symbols on the ground: a cross (X) and a checkmark (✓). A large blue arrow points downwards from the right side of the image. The text is centered in a black box with white, italicized letters.

***БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ
ДЕГЕНІМІЗ НЕ?***




Басқару құрылымы- бұл ұйымның буындары мен жекелеген қызметкерлерінің жиынтығы, олардың тігінен және көлденеңінен байланысу және бағыну тәртібі. Басқару құрылымының негізгі элементтері-

буындар, деңгейлер және байланыстар.



Басқару құрылымы




Көлденең

Буындар

Тігінен

Деңгейлер

Басқару буыны дегеніміз - бір немесе бірнеше қызметті атқаратын ұйымның оқшауланған, дербес құрылымдық бөлімшесі.



Басқару деңгейі – бұл басқару иерархиясының бірдей сатысында орналасқан басқару буындарының жиынтығы. Ұйым құрылымы екі немесе үш (көп) деңгейлі болуы мүмкін.

- **Екі деңгейлі құрылымда басқарудың жоғарғы буыны (жалпы ұйымды басқару) және төменгі буыны (орындаушылардың қызметін басқару) құрылады.**
- **Үш және одан артық деңгейлері бар құрылымдарда ортаңғы буын пайда болады, ал оның өзі бірнеше деңгейлерден құрылуы мүмкін.**



Басқарудың ұйымдық құрылымы көптеген сапалық қасиеттермен сипатталады, сондықтан да құрылымды қалыптастырған кезде оған әсер ететін факторларды талдауды талаптармен, сәйкес қағидалармен дұрыс үйлестіру қажет. Басқарудың ұйымдық құрылымын қалыптастырғанда мына қағидалар қолданылады:

1) өкім беру мен дербес жауапкершіліктің бірлігі;

2) сызықтық және функционалдық басшылық арасында дәл шек орнату;

3) бақылаудың таралуы;

4) айқын функционалдық бөлу;

5) әрбір буын басшысы мен лауазымды тұлғаның құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігінің сәйкестігі;

6) икемділік және үнемділік.

Жұмысты ұйымдастыру - бұл олардың дәрежесіне қарамастан барлық басшылар жүзеге асыруы тиіс қызмет. Алайда бұл тұжырымдаманың мағынасы еңбекті көлденеңінен және тігінен бөлу үшін құқықтар мен міндеттерді табыстау болып табылса да, ұйымның құрылымы туралы шешімді әрқашан жоғары деңгейдегі басшы қабылдайды.



Демек, **менеджерлердің міндеті** ұйымның мақсаты мен міндетіне әрі оған әсер ететін ішкі және сыртқы факторларға сай келетін құрылымды таңдау болып табылады. Ең жақсы құрылым - бұл сыртқы ортамен тиімді әрекеттесуге, өз қызметшілерінің күштерін өнімді әрі лайықты түрде бөлу және бағыттау, сөйтіп, клиенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыру және өз мақсаттарына жоғары тиімділікпен жету үшін барынша жақсы мүмкіндік беретін құрылым.



Ұйымдық құрылымды қалыптастыру бірнеше қағидаларға негізделуі тиіс:

- *Басқарудың ұйымдық құрылымы ұйымның мақсатына негізделуі тиіс, сонымен қатар өндіріске және оның қажеттіліктеріне бағытталуы керек;*
- *Мамандығына, қызметіне, қабілеттеріне және мүмкіндіктерін ескере отырып қызметкерлердің жұмысын оңтайлы түрде бөлу;*
- *Ұйымдық құрылымды қалыптастыру барысында әрбір қызметкер мен басқару органының міндеттері мен өкілеттіліктерін дұрыс бөлу керек;*
- *Қызметтер мен міндеттердің, өкілеттіліктер мен жауапкершіліктің арасында сәйкестік орнату керек, олай жасамаса жүйе құрдымға кетеді.*



Ұйымдық құрылымды құрудың негізгі факторлары келесідей:

Ішкі факторлар: техникалық (өндірістің көлемі және қиындығы, өндіріс пен басқарудың автоматтандырылу деңгейі)



- 1. Ұйымдық (өндіріс типі, өндірістік құрылым, т.б.)*
- 2. Экономикалық (шаруашылық байланыстар, қызметті жоспарлау мен бағалау жүйесі, материалдық ынталандыру жүйесі)*
- 3. Әлеуметтік-психологиялық (психологиялық климат, басқарушының беделі, формалды емес қарым-қатынас)*

Ұйымдық құрылымды құрудың негізгі факторлары келесідей:

Сыртқы факторлар:



1. *Аймақтық орналасу (сыртқы байланыстардың көлемі)*
2. *Табиғи жағдайлар.*

Ұйымдық құрылымды қалыптастыру процесін жалпы қарастыра отырып, мынадай шешімге келуге болады:



1) *Кіршіксіз ұйымдық құрылым болмайды, бірақ әрбір құрылым өз кәсіпорнында белгілі бір қағидалар бойынша тиімді бола алады. Сол үшін қандай да бір ұйымдық құрылымды таңдамас бұрын оның оң және теріс факторларын қарастырған жөн.*



2) *Әрбір кәсіпорынның ұйымдық құрылымы немесе оның бір бөлігі, сол ұйымның мақсат-міндеттеріне сәйкес келуі тиіс.*

5 stock photo 3D Business People 6



3) *Ұйымның әлеуметтік құрылымы оның мақсатына ғана емес, өзге де ұйымдық технология, өндірістік жүйеге қатысушы құрылымнан, ұйымның мүшелерінің мәдениетінен, яғни ұйымдық құрастырушылардан тұрады.*

A close-up photograph of a group of people clapping. In the foreground, a woman's hands are visible, clapping together. She is wearing a dark jacket with three buttons on the cuff and a silver bracelet. To her right, a woman's face is partially visible, smiling. The background is blurred, showing other people clapping. A yellow banner with red text is overlaid on the image.

Назарларыңызға рахмет!